


Мерейтойлық және атаулы күндер мен оқиғалар

Қазақтың жарық жұлдызы

Қазақтың көрнекті ғалымы шығыстанушы, тарихшы, этнограф, аудармашы, журналист Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл.



ШОҚАН

Шоқан Уәлиханов қазақтың соңғы тәуелсіз хандары Абылай хан мен Уәли ханның ұрпағы, қазақтың дарынды ғалымы, саяхатшы, шығыстанушы, тарихшы, этнограф.

1835 жылы қарашада Аманқарағай дуанындағы Құсмұрын көлінің жағасында туған.

1847-1853 жылдары Сібір кадет корпусында оқыған. 1856 жылы Омбыдан Іле аймағына, Ыстықкөлдің шығыс жағалауына аттанып, ол жерде құнды этнографиялық материалдар, алғаш рет тау кырғыздарының тұрмысы мен әдет-ғұрпы туралы нақты деректер жинап, «Манас» батырлық эпосынан үзінділерді бірінші болып жазып алған. Ол 1858-1859 жылдар аралығында жұмбақ Қашқария еліне (Қытайдың қазіргі Шыңжаң өлкесі) атақты саяхатын жасап, тарих, география, этнография, экономика, мәдениет пен тұрмыс және тағы басқа салаларды жан-жақты зерттеп, материал жинады.

Шоқан 1860 жылдан Петербургте тұрып, Бас штабта Азия картасын баспаға дайындаумен айналысты. Алайда 1861 жылдың көктемінде ауыр науқас Шоқанды Петербургтен кетуге мәжбүр етті.

Шоқан дарынды бала болған. Төрт жасында сауат ашып, әкесі салған Құсмұрын қазақ мектебіне ерте барған. Қағаз-қарындаш үнемі қасында болатын. Атақты ақындарды тыңдап жүріп, ежелгі дала ертегілері мен жырларын жазып алатын. Өте байқағыш, сурет салуға құмар, тарихи білімі мол ол ғылыми салада да, әдеби салада да эрудициясымен ерекшеленді. Ойын дәл, бейнелі жеткізе білген. Түркі тілінің бірнеше диалектілерін жетік меңгерген, сондай-ақ еуропалық тілдерді оқып үйренді.

Потанин досының естеліктерінен: «Шоқан ең алдымен өзінің қазақ халқын, одан

кейін Сібірді, одан кейін Ресейді, одан кейін бүкіл адамзатты сүйетінін айтатын. Орыстар қазақтарды ұрғанда, мен орыстарға қарсымын, ал орыстарды француздар ұрса, менің жүрегім орыстар жағында дейтін».

АТЫ МҰХАММЕД-ХАНАФИЯ БОЛСЫН

Қалмұхаммед (Қалқай) ишан (1815-1870) Марал бабаның үлкен баласы. Сыр мен Торғай, Қармақшы өңірлерінің діни қайраткері.

Қалқай ишан Марал бабаның оң тізесіне отырып, 5 жасынан 12 жасқа дейін өз әкесінен діни сауат ашты. Риязат, мужахада, көңіл, діл ождан, жетпіс мақам, ақида, тарихат, мағрифат, ғайып әлемінен, «ма сиуа Аллах» салаларын ерінбей-жалықпай ізденіп оқиды. Мұның сыртында, академик-жазушы Сәбит Мұқанов жазғандай, Қалқай ишан Бағдат шаһарында 25 жыл оқып, ғылымның 12 пәнінен шатырхат (диплом) алады.

Қалқай ишан да атасы сияқты өте аруақты, айтқаны қабыл болған әулие кісі екен, бірақ Маралдың көзі тірісінде әкесімен жағаласпай, бойындағы қасиетін іркіп ұстапты. Тек әке ықпалының артуына басынып, барынша атсалысыпты. Сөз орайы келгенде айта кетейік, ата сыйлаудың, әке құрметтеудің жорғары деңгейдегі үлгісін көрсеткен.

Қазақ халқының мақтанышы Шоқан Уәлиханов туғанда атын исламша қойып, ақ батасын берген осы әулие.

Шоқан жайлы осы бір тұсты «Аққан жұлдыз» романында Сәбит Мұқанов былай баян етеді.

«... Шыңғыстың үйінде қонақтап жатқан Қалқай ишанға: «Әулие, сіз қойып беріңіз нәрестенің атын деп өтінді Уәлі тұқымдары Зейнеп ұл тапқаннан кейін. Қалқайдың сенімінде, бүкіл ислам тарихындағы ең зор ғазуатшы Мұхаммед пайғам-

бардың әрі қызы Фатиманы алған күйеуі, әрі әскерінің бас қолбасшысы Хазіреті Ғали. Оның үш қатынынан туған он сегіз ұлының бәрі де батыр болған. Солардың ішіндегі ең батыры Мұхаммед Ханафия дейтін ұлы екен. Әкесіне еріп ғазуат соғысын сол жүргізген деседі.

Болашақтың Мұхаммед Ханафиясы болар ма екен деген тілекпен Қалқай ишан Зейнептен туған ұлдың атын Мұхаммед Ханафия қойды. Былай да шолжың Зейнептің бұл есімге тілі келмей, сәбиін Қанаш деп, былайғы жұрт Шоқан деп кетті. Шоқанды бір жасынан сөйлеп кетті деген әңгіме бар».

Бұған біздің азын-аулақ қосатынымыз бар. Уәлі ханның бәйбішесі Айғаным баланың атын қойып беруді сұрап, көтеріп әкеп әулиенің қолына берген кезде Қалқай нәрестені ұстап отырып:

«Пай, Пай! Мына бала алтыннан да ауыр ғой!» - деп Айғанымның өзіне қайтарып беріп, бата жасапты.

Оғы белден өтсін, Даты дұшпанына жетсін.

Құдайым Қалқайдың айтқанын қабыл етсін,

Аты Мұхаммед Ханафия болсын.

Атағы аталарынан да асып, Ахиретке жетсін.

Аллаһу әкбар! -деп бетін сипапты да, ойланып отырып тағы мынаны айтыпты:

«Арғы атаң Уәлихан мен Қасым,

Олардан да атақ-даңқың болар басым.

Ел-жұртың құрмет тұтып, Әуелден ақырға жетер атың.»

Әулиеге қатты риза болған Айғаным сұлу Қалқайдың иығына жанат ішік жауыпты. Шыңғыс сұлтан үстіне Стамбулдың қалы кілемін жауып, атақты көк жорғасын есікке кесе-көлденең тартыпты.

Сонда Қалқай:

-Жанат ішік Қалқайдың бүйірін жылытсын,

Қалы кілем Құдайдың үйіне бұйырсын.

Көк жорға үш жүздің бәйгесіне мінілсін, - деп бата беріпті.

Артынан көк жорғаны қимаған Шыңғыс орнына бір уыс жүз сомдық ақшаны санамай беріп, атты өзі алып қапты.

Мұны естіген Қалқай:

-Өттеген-ай! Бекер жасаған екен. Аруаққа атағанын беруі керек еді ғой! Жақсы ат жан садағасы, жан деген ар садағасы демеуші ме еді, атаған затты қимағаны болмаған екен, өміріне ілік болмаса болар еді, - деп ренішті кейіп білдіріпті.

Осы «ілік» емес пе екен Шоқанның өмірден отызға жетпей жастай кетуі!? Әулие айтқандай, аруаққа атағанын, тіпті азғантай дүние болса да, ниет етіп не атаса, соны беру керектігін біз, әрине, біле бермейміз. Сол сияқты аруақты кісілердің еткен ықыласын қайтаруға болмайтын-

дығын да түсінгеніміз абзал.

ШОҚАННЫҢ ӨЛІМІН ЕСТІРТУ

Шоқанның әкесі Шыңғыстың ресми атағы аға сұлтан. Халық әдет бойынша хан деп атаған көрінеді.

Шоқан шетте жүргенде Тезек төренің қарындасы Айсарыны алады екен. Шоқан ауырып жүргенде Тезек төре елінің жақсы, білікті адамдары кім деп сұрағанда, елімнің жақсы адамдары Сасықтың Токсанбайы, Жандос баласы Келдібек, Зілғараның Әлібегі дейді екен Шоқан.

Осы айтқандарын Тезек жазып алып отырыпты да, Шоқан қайтыс болған соң Шыңғыс хандарының сүйікті ұлы Шоқан қайтыс болды, хандарыңа қалай естіртесіңдер, өздерің біліңдер деп хат жазған екен. Мұны естіген соң қасына он бес шакты адам ертіп Келдібек Шыңғысқа келіпті. Үйіне түсіп, әңгімеге айналдырып отырып ханға сұрақ қойыпты:

-Хан, жандыда не қымбат?

гауһар тас қымбат, жеті қабат жер астынан, су астынан жуылып шыққан зат қой, сол асыл тасты бір адам тауып жүре бергенде тас иесі шығып тас менікі деп жармасыпты, сол тас қайсысыңкі болуы керек? - депті.

-Әрине, иесіңкі болуы керек, - депті Шыңғыс. Сонда Келдібек:

-Ұлы өлмеген руда жоқ, қызы өлмеген Қырымда жоқ.

Қатыны өлмеген халықта жоқ,

Ағасы өлмеген аймақта жоқ.

Інісі өлмеген елде жоқ, Әкесі өлмеген әлемде жоқ,

Шешесі өлмеген пәнде жоқ.

Аққу ұшып көлге кетті, Дуадақ ұшып шөлге кетті.

Құдай сізге бір гауһар тас беріп еді,

Оны иесі өзі әкетті.

Шоқан деген баламыз бәріміз баратын жерге кетті, - деп естіртіпті.

Шыңғыс жылап отырғанда, Әлібек қасына келіп:

-Әй, Шыңғыс! Мұңсыз жалғыз Құдай. Жеті ұлыңның



Мавзолей Чокана Валиханова. Рисунок Г. Н. Потанина.

-Жандыда адам қымбат, - депті Шыңғыс.

-Жансызда не қымбат?

-Жансызда гауһар қымбат.

-Гауһар тас пен адамның қайсысы қымбат?

-Әрине, адам қымбат, - дейді де, Шыңғыс басын көтеріп алып, - япырай, мұнда мал басы аман еді, мына сұрағың қалай шығып барды, Шоқанжаным жолда жүр еді, бір хабар болды ма? - дей беріпті.

-Ханым, дұрыс айттың,

бірін бермейтін Құдай болайын деп пе едің, бас өксігінді, сұрт көзінді, көтер басыңды, - деген екен.

Бұл тапқыр да дана сөздер батылдыққа, табандылыққа, шыдамдылыққа шақырады және жүрек жарасының жазылуына көмектеседі. Сөз өнерінің сиқырлы күші осындай.

Материалды дайындаған Хансафарова Гүлсара Салімқызы, Жетіқара.